

«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының
әдіскері Сад Г.К.Сағпазова

Қимылды ойын
«Торғайлар мен мысық»

Өткізген: №1 "Күншуақ"
кіші тобының
тәрбиешісі Тажигалиева М

2022- 2023 оқу жылы

Қимылды ойын

Торғайлар мен мысық

Мақсаты: Балаларды ойынның ережесін бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту, ептілігін, жылдамдығын арттыру, қимылды ойынға қызығушылығын ояту.

Керекті құралдар: Мысық пен торғайлардың бетперделері.

Ойынның ережесі:

Шетте тәрбиешімен тағайындалған бала орындықта отырады ол-мысық. Қалған балалар - торғайлар. Мысық орындықта ұйықтап отырады. Торғайлар тәрбиешінің белгісі бойынша ортада ұшып, су ішіп, жем шоқып, қимылдар жасайды. Тәрбиешінің «мысық оянды» деген белгісі бойынша мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. Торғайлар мысықтан қашып орындықтарға отыруға асығады. Мысыққа ұсталған торғайлар, мысықтың қасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты тандайды. Ұсталған торғайлар басқа ойнаушыларға қосылады. Ойын 2-3 рет қайталанады.

Ұсыныс: Мысық ақырын барып торғайларды ұстайды (қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді).

